

**Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии**

**МӘНГІЛІК ЕЛ – ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЕ
ЕДИНСТВО, МИР И СОГЛАСИЕ**

*Материалы - Международной
научно-практической конференции
(г. Астана, 2017г.)*

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

М 36

Ответственный научный редактор Нечаева Е.Л.

К.п.н., профессор

Редакционная коллегия:

Копежанова Д.Е., Дюсембекова М.К., Жанпейсова Қ.Д.

Мәңгілік Ел – Общенациональное единство, мир и согласие: сбор.матер. VI-
Межд. науч.-прак. конф.– Астана, ТОО Мастер По, 2017.- 174 с.

ISBN 978-601-301-928-4

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов казахстанских и зарубежных вузов.

В нем рассматриваются ключевые аспекты социальных и политических процессов Евразийской интеграции, социально-коммуникативные технологии и инновационные процессы в обществе.

В материалах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение Закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций и научные руководители.

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

ISBN 978-601-301-928-4

**© Кафедра политологии
ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, 2017**

7. Шимшиков Ж.Е. Мировой опыт деятельности специализированных антикоррупционных органов и вероятность его применения в Казахстане // Транзитная экономика. – 2013. – №4. – С. 77

8. Невейкин В. Уроки китайского // Новая газета. – 2011. – № 4. – С.5

9. Демчук А.Л., Соколова В.И. Канада: новые механизмы борьбы с коррупцией // США. Канада: экономика, политика, культура. – 2010. – № 5. – С. 46

**Жұмамұратов Н.
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
«Саясаттану» мамандығының
2 курс студенті
Астана қ., Қазақстан**

ЕЛ ҚАМЫ ҮШІН ЖАРАЛҒАН ҚОС КЕМЕҢГЕРЛЕРДІҢ ҰҚСАСТЫҒЫ

Еліміздің тарихына көз салсақ, халқымыздың тәуелсіздікке қол жеткізуі, әлемдік қауымдастықта лайықты орын алуы, ұлттық мемлекеттігіміздің тіктелуі, Қазақстанның өзіне тән даму жолы, бұл даму жолдың табысты түрде жезеге асырылуы – барлығыда Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев арқасы екенін білеміз. Бүгінгі таңда тарихи қысқа мерзім ішінде Қазақстанды дүниеге танытып, алдыңғы қатарлы елдерге қосып, өз халқын халықаралық дау-жанжалдардан аман сақтап, көреген саясат жүргізіп отырған Н.Ә.Назарбаевтың ел-халық үшін атқарып отырған қызметтерін көріп, Президенттің іскер Елбасы екенін көреміз.

Әлемнің саяси лидердерін қандай мақсатпен салыстырылады деген сұраққа, біз бұлай жауап береміз, қарапайым халық өздерінің басшылары туралы, не істейтіні туралы білгісі келеді және оларды салыстыру арқылы олардың жүргізген саясаттарының пайдалы және пайдасыз жақтарын біліп, басқа лидерлер өздерінің дамуы үшін керекті заттарды алуға тырысады.

Әлемдік тәжірбиелерде саяси лидерлерді салыстыру жасалды ма?-деген сұраққа, әрине жасалды. Бұған мысал бола алатын, қазіргі таңда жыл сайын шығып тұратын Forbes журналында Каралин Ховард мақаласында, 2015 жылы әлем президенттерін салыстыра келе, ең ықпалды адам Барак Обама емес, Ресей президенті Путин деп жазды [1]. Авраам Линкольн және Джон Кенниди екеуінің ұқсастығын Мартином Гарднером жазған болатын, олардың арасында дәлме-дәл 100 жыл бар болып шықты. Ал енді Қазақстандық Сабина Зәкіржанқызы өз мақаласында Наполеон мен Гитлер екеуінің оқиғалары дәлме-дәл 129 жылды құрайды екен [2]. Біздің де ел басымызбен осындай салыстыру жасалған, оны еліміздің саясаттанушысы Жарқын Түсіпбекұлы өзінің мақаласында Ел басымыз Н.Назарбаев пен Сингапур президенті Ли Куан ю мен салыстырған болатын [3].

Тарихта небір қиын кезеңдерді бастан кешіріп, әділетсіздікті көп көрген қазақ халқы үшін орасан еңбек еткен іскер басшы туралы өз пікірімді білдіру үшін мен АҚШ президенті Франклин Рузвельтпен салыстырып айтқым келіп отыр. Бұлардың екеуі де «ұлы реформаторлар» десек артық айтпаймыз, олар реформа жасап, өз халқын дағдарыстан алып шықты. Дағдарыстан елді алып шығу үшін қандай игі істер атқарды, және олардың ұқсас істеті бар ма? Сол туралы айтып көрейік.

<p>1. Дағдарыстан алып шығу жоспары. 1929-1932 жылдары бүкіл әлемдік дағдарыс АҚШ экономикасына қатты әсер етіп, халық жағдайы нашарлап, жұмыссыздар саны артты. Осындай қиын-қыстау сәтте ел президенті болған Ф.Рузвельт Американы құтқаруға уәде береді және уәдесін орындауға батыл түрде кіріседі. Елдің қаржы, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы саласындағы мәселелерді шешу үшін шұғыл шаралар қабылдайды. Бұл реформалар Ф.Рузвельттің «Жаңа бағыт» деген атауына ие болды [4].</p>	<p>1990-шы жылдары өндіріс көлемі абсолютті түрде құлдырап, Қазақстан экономикалық дағдарысқа ұшырады. Экономика деңгейі 55 пайызға төмендеп, 1991 жылы өнеркәсіп өндірісінің құлдырауы -8%-ға жетті. 1990 жылдары ет пен сүт өндіру 7-10%-ға кеміді. 1991 жылы бюджет тапшылығы 20%-ға артты. Осы жағдайды шешу үшін реформалар қажеттілігі туып, реформалар жүргізілді. Бұл реформа Н.Назарбаевтың «2030 стратегиясы» деп аталды [5].</p>
<p>2. Банк жүйесіндегі реформалар. Ф.Рузвельт алғашқы отырысында «Төтенше жағдайдағы банк қызметі туралы» шұғыл заң қабылдады. Барлық банктердің ақша операцияларына төрт күндік каникул жарияланып, елдегі барлық банкілер жабылып, алтын мен күмісті сыртқа шығаруға тиым салынады. Бұл тапсырманы орындамағанға үлкен көлемді айып салынып, ірі банктердің ғана жұмыс істеуіне рұқсат етіледі. Ал екі аптадан кейін елдегі банктердің үштен екісі өз жұмыстарын қайта бастайды. Президенттің сол кездегі қызметкерлерінің бірі айтқандай «капитализм сегіз күн ішінде құтқарылды» [4].</p>	<p>Дағдарыс кезінде бізде 1990 жылы желтоқсан айынан бастап Қазақстанда дербес банк жүйесі қалыптаса бастады. 1991 жылы қантарда «Қазақ КСР – індегі банктер мен банк қызметі туралы» Заң қабылданып, еліміздегі енгізу қарсаңында екі деңгейлі банк жүйесінің негізі қаланды. 1993 жылы теңгені енгізу қарсаңында екі деңгейлі банк жүйесі қызмет етті. Мұндай банк жүйесі нарық жағдайында тиімді болды. Президент 1995 жылы наурызда-«Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» заңды күші бар Жарлыққа қол қойды. Ол бойынша Ұлттық банк заңды аясында тәуелсіз қызмет жасап және Президентке ғана есеп беретін болып белгіленді [5,186 б].</p>

<p>3. Жұмыс пен қамтамасыз ету. Қалалардан жұмыссыз жастарды әкетіп, жұмыспен қамтамасыз етуге тырысқан Рузвельт “Ресурстарды сақтаудың Азаматтық корпусын құру” туралы заңды өткізді. Азаматтық корпусының жұмыс істеген кезінде (1943 жылға дейін) оның мектебінен 3 млн-нан астам адам өтті, олар сондай-ақ әскери дайындықтан да өткен еді [6].</p>	<p>Қазақстан тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз ету үшін көптеген келелі істер атқарды. Алайда 90-шы жылдары бұл жағдай күрделі қалпында қалды. Тек Үкіметтің жұмыссыздықты шешуге бағытталған 2000 жылдардағы «Кедейшілік пен жұмыссыздықпен күрес» бағдарламасы жасалды. Осының арқасында республиканың түрлі аймақтарында жұмыссыздық деңгейі төмендегені байқалды [7].</p>
<p>4. Аграрлық сектордағы реформа. 1933 жылы ауыл шаруашылығын реттеу туралы заң қабылдады. Бұл заң бойынша өзінің шығаратын өнімдерін: мақтаны, бидайды, жүгеріні, сүтті, етті өндіруді азайтқан фермерлерге мемлекет өтем төлейтін болды. Фермерлер өнімінің бір бөлігі жойылғаннан кейін ауылшаруашылық өнімдерінің бағасы өсті. Бұл үшін оларға сыйақылар берілді. Фермерлерге несие беру туралы заң қабылданып ол іске аса бастағаннан кейін-ақ фермерлердің қарыздары азайды. Жалпы алғанда ауылшаруашылық өнімдерінің бағасы көтеріліп, фермерлер қайыршыланудан құтқарылды [8].</p>	<p>Ал Қазақстан да ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілерді мемлекеттік қолдау мақсатында 1998-1999 жылдары салық жеңілдігі, яғни біраз өнімдерге 10% қосымша құнға салынатын салық белгіленді. 1999 жылы шілде айынан патенттік салық жүйесі енгізілді. Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы», «Салық және басқа да бюджетке міндетті төленетін төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қабылданды. Заңда 2000 жылдың 1 қаңтарына дейін жинақталған салықтар мен басқа да айып шараларды төлеу мерзімі 3 жылға ұзартылды. Бұл халықтың жағдайын жақсартып, ауыл шаруашылық секторында айтарлықтай жетістікке жете бастады[4].</p>
<p>5. Әлеуметтік көмек. 1935 жылы 14 тамызда президент әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңға қол қойды. Онда жұмыссыздық үшін жәрдемақы төлеу, 65 жасқа толған жұмысшыларға зейнетақы төлеу бекітілді. Ауруларға, кемтарларға және табиғи апаттардан зардап шеккендерге жәрдем-ақы беру енгізілді [8].</p>	<p>1993 жылы «Еңбекті қорғау туралы» заңға президент қол қойды. Заң бойынша жұмыстан босатылғандарға жәрдемақы берілді және жұмыссыздарға әлеуметтік қорғау орындарына тіркелген адамдарға жәрдемақы енгізілді. ЖОО бітірген жас мамандар, бала күтіміне байланысты демалыстан кейін жұмысқа шыққан әйелдер төменгі жалақы көлемінде жәрдемақы алды [4].</p>

<p>6. Жүргізген әлеуметтік саясатының маңызы Рузвельттің «жаңа бағыт» саясатының негізгі қорытындысы қалай аяқталды? Мемлекеттің өнеркәсіп саласында белсенді араласуы дағдарыстан шығуға мүмкіндік жасады. Өнеркәсіп өнімдері 1929 жылғы өндірілген деңгейдің 80% жетті. 1933 жылы өнеркәсіп өнімдері 63% жеткен болатын. Жұмыссыздықты азайтқанымен, ол толық жойылған жоқ. 1935 жылы АҚШ-та 7 млн адам жұмыссыздар қатарында болды. «Жаңа бағыт» саясаты қалай десек те АҚШ-тың экономикалық дағдарыстан шығуына көмектесті. XX ғасырдың 30-жылдарындағы АҚШ-тағы «жаңа бағыт» капитализмді сақтап қана қойған жоқ, мемлекеттік реттеу арқылы капитализмнің жаңа жолмен дамуына мүмкіндік жасады. Буржуазиялық реформа капитализм-нің жаңаша дамуына жол ашты.</p>	<p>Н.Назарбаевтың «2030-стратегиясы» негізгі қорытындысы қалай аяқталды? Экономикамыз өркендеп, дүние жүзіндегі алдыңғы қатардағы 144 елдердің ішінен 50-ші орынға ендік. Алтын-валюта қорымыз 87 миллиардқа жетіп халықтың табысы 16 есеге көтерілді. Денсаулық сақтауға, ғылым мен білімге 9 жарым есе қаржы бөліп 240 мектеп, 708 аурухана салдық. Халықаралық стандартпен білім беретін Назарбаев Университетін ашып, жастарымызға білім бере бастадық. Қортып айтар болсақ ұзақ мерзімге бағытталған 2030 стратегиялық бағдарлама толығымен, мерзімнен бұрын орындалды. Осының бәрі соңғы 20 жылда жеткен жетістіктеріміз.</p>
---	---

Қорытындылай келе, бұл қос алып өз елін дағдарыстан алып шығып, әлем елдерінің алдында өз халқының абыройын асқақтатты. Өз заманының кеменгер тұлғасы Ф.Рузвельт ол өзінің реформаларының арқасынла елін дағдарыстан аман алып шығып, оның дамуына жол ашып берген тұлға, ал біздің елбасымыз Н.Назарбаев та кезінде 90-шы жылдары Қазақстанды дағдарыстан алып шығып, дамудың даңғыл жолына салды. Ф.Рузвельт ол АҚШ тарихында 4 рет сайланған бірден- бір президент, одан басқа ешбір АҚШ президенттері ондай құрметке ие болмаған. Оның президенттікке 4 рет сайлануы халықтың оған деген сенімінің қаншалықты жоғары болғандығын көрсетеді. Ол миллиондаған АҚШ азаматтарының жүректеріне сенім тудырып, халықты дағдарыстан алып шықты. Біздің Елбасымызға үлкен сенім артуымыздың себебі, ол халықты дағдарыстан алып шығып, әлемге Қазақстан мемлекетін мойындатты. Жақында Елбасымыз АҚШ-та іс сапармен жүргенде журналистерге берген сұхбатында: «5 жыл сайын ашық сайлауда халық мені жақтап дауыс береді. Және ол ешқашан 80 пайыздан кем болып көрген емес», - деп жауап қайтарған болатын [9]. Бұның өзі Қазақстан азаматтарының Елбасымызға қаншалықты сенім артатынын көрсетеді. Мүмкін Ф.Рузвельт 1945 жылы көз жұмбағанда тағы да сайлауға қатысарма еді? Тағы да

сайланса, таң қалудың керегі жоқ шығар, себебі ондай алып тұлғалар өмірінің соңына дейін елді басқаруға лайықты деп ойлаймын.

Екі президент әр қилы дәуірде жасаса да, олар бір мақсатпен, яғни халқына, еліне адал қызмет ету мақсатымен жасаған. Екеуі де ұлы міндеттерді атқарып, туған халқының күш –күдіретін биікке көтерді. Ел- халқының мол алғысын алды. Екеуі де «Ұлы реформатор» атанған, елінің қамы үшін жаралған «Қос кемеңгер» десек болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. <http://www.forbes.ru/rating-photogallery/304835-samyevliyatelnye-lyudi-mira-2015-reiting-forbes/photo/1>
2. <https://baq.kz/kk/news/kogam/sanda-kandai-sir-bar-20907>
3. <http://saigez.kz/?p=5975>
4. https://baq.kz/kk/regional_media/post/40836
5. Қазіргі Қазақстан тарихы: Жоғары оқу орындарының тарихшы емес мамандарына (бакалавриат) арналған оқулық/Б.Ғ.Аяғанның жалпы редакциясымен.- Алматы : Паритет, 2010.-448 бет.
6. <http://stud24.ru/history/ruzvelttin-zhana-bagyt-sayasaty/466633-1769493-page2.html>
7. <http://e-history.kz/kz/books/education/view/273#scontent>
8. <http://e-history.kz/kz/books/education/view/458#scontent>
9. <http://www.oinet.kz/news/sayasat/i2875>

Жумабекова Д.А.
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
«Саясаттану» мамандығының 4 курс студенті
Астана қ., Қазақстан
(Ғылыми жетекші: доцент, Ph.D докторы Рыстина И.С.)

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Кез-келген дамып келе жатқан демократиялық мемлекет өз алдына азаматтардың еркін дамуы мен өркендеуіне жағдай жасау міндетін қояды. Бұл бағытта Қазақстан Республикасы екі мақсатты көздейді: халықтың өмір сапасының деңгейін көтеру және демократиялық, адамгершілікті қоғам қалыптастыру. Қазіргі таңда демократиялық қоғамдағы халықтың өмір сүру сапасы еліміздегі білім беру жүйесімен тікелей байланысты. Сондықтан, осы мақалада білім мәселесін жетілдіру үшін білім беру жүйесінің эволюциясы талданады.